

**Шункеева Сауле Алишерқызының «Қазақстанның этникалық тіл кеңістігінде ағылшын тілінің қызмет етуінің әлеуметтік-лингвистикалық мониторингі» тақырыбындағы 6D020500 - Филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясының АННОТАЦИЯСЫ**

**Зерттеудің өзектілігі.**

Тілдің қызмет етуінің әлеуметтік аспектілерін әлеуметтік лингвистикалық зерттеулер социолингвистиканың негізгі міндетін шешуге бағытталған - тілдің әлеуметтік сипатын - оның шығу тегін, дамуы мен қызмет етуін, оның әлеуметтік дифференциациясын және т.б. сипаттау қажеттілігін анықтайтын «тіл және қоғам» мәселесін кешенді шешу. «Тіл және қоғам» мәселесі көптілді қоғамдарда орын алып жатқан тілдік процестерді зерттеуде ерекше маңызға ие. Осыған байланысты шешімдерді талап ететін алға қойылған негізгі міндеттер шығады: көптілді және көпұлтты қоғамдардағы тілдердің қызмет етуін сипаттамасы; мемлекеттік, ресми тілдер мәртебесі, этносаралық қарым-қатынас құралы, халықаралық тілдер мәртебесін алуға байланысты процестер. Тілдік процестермен тілдік жағдаяттың өзгерісі көптеген экстралингвистикалық факторлардың әсерінен туындайды. Жетекші фактор - мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі; тілдік жоспарлау субъектілерінің (мемлекеттік билік, әлеуметтік топтар, элиталар, партиялар, таптар және т.б.) тілдің қызметіне, тілдің даму барысына саналы және мақсатты әсер ету теориясы және практикасы; қолданыстағы тілдердің қызмет етуінің, жаңа тілдік қарым-қатынас құралдарын құру және жетілдірудің мақсатты және ғылыми негізделген басшылығы болып табылатын мемлекеттік тіл саясаты [1].

Қазақстан Республикасының тіл саясаты қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің үштұғырлығымен негізделген: қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілі қазақ тілімен тең қолданылатын ресми тіл ретінде, ал ағылшын тілі - халықаралық интеграция тілі ретінде. Ағылшын тілін меңгеру бұл ретте қазақстандықтардың лингвистикалық капиталының түйінді компоненті ретінде қарастырылады. Қазіргі кезеңде тіл саясатын іске асыру міндеттері үш тілде білім беру парадигмасында көрсетілген «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасы арқылы шешіледі. Ағылшын тілін меңгерудің басымдығы қазақстандық қоғамдастықтың тілдік-коммуникативтік кеңістігінде ағылшын тілінің функционалдық рейтингісінің динамикалық кеңейтілуімен, анықталған, ең алдымен, коммуникативтік қуатты екі тілдің - қазақ және орыс тілдерінің өзара әрекеттесуімен сипатталатын заманауи тілдік жағдаяттың ерекшелігіне себепші болды [2].

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі** Қазақстан Республикасында қазіргі заманғы тілдік жағдаят параметрлерінің жүйелі әлеуметтік-лингвистикалық сараптамасын, оның тілдік қызметінің синхронды тіл көрсеткіштері және одан әрі пайдалану үрдістері ретінде оның типологиялық тілдік-демографиялық және этно-лингвистикалық сипаттамаларын жүзеге асырумен байланысты.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі тілдік ахуалды және оның білім беру және кәсіптік салалардағы динамикасын трансформациялаудың объективті факторы

ретінде «Тілдердің үштұғыры» жобасын іске асыру аспектісінде қазіргі заманғы қарым-қатынастың шынайылығын және ағылшын тілінің функционалды рейтингісін зерттеу қажеттілігінен туындайды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі қазақстандық қоғамның микроәлеуметтік топтарында ағылшын тілінің функционалды рейтингісін анықтау үшін тілдік жоспарлауды жүзеге асыру процесінің әлеуметтік-лингвистикалық мониторингісін жүргізу қажеттілігі болып табылатын **зерттеу мәселесіне**, сондай-ақ «Қазақстанның этникалық тіл кеңістігінде ағылшын тілінің қызмет етуінің әлеуметтік-лингвистикалық мониторингі» деген **зерттеу тақырыбына** себепші болды.

**Зерттеудің нысаны:** тілдік жоспарлаудың басым бағыттарына сәйкес Қазақстанның заманауи лингвокоммуникативтік кеңістігінің динамикасы.

**Зерттеу пәні:** Қазақстанның лингвокоммуникативтік кеңістігіндегі ағылшын тілінің функционалды рейтингісі және өміршеңдігі.

**Зерттеудің мақсаты:** білім беру және кәсіби қызмет салаларында ағылшын тілінің функционалды рейтингісінің әлеуметтік-лингвистикалық мониторингі.

Зерттеудің мақсаты мен пәні **зерттеу міндеттерінің** қойылуына және шешіміне негізделді:

1. Инвариативті және вариативті параметрлер тұрғысында Қазақстан Республикасындағы «тілдік жағдаят» ұғымының әлеуметтік-лингвистикалық және типологиялық параметрлеріне талдау жасау;

2. Қазақстан Республикасындағы тілдік ахуалдың динамикасын заманауи геосаяси кеңістікте сипаттау;

3. Қазіргі кезеңде ағылшын тілінің қызмет етуі үшін тілдік жоспарлауды жүзеге асырудың әлеуметтік-лингвистикалық көрсеткіштерінің регламенттігі мен беталысын айқындау;

4. Қазақстанның қазіргі заманғы лингвокоммуникативтік кеңістігінде ағылшын тілінің таратылуы мен бейімделуінің үрдістерін сипаттайтын әлеуметтік-лингвистикалық өлшемдер ретінде анықталатын дескрипторлар жүйесін жасау;

5. Микроәлеуметтік топтар тұрғысында білім беру және кәсіби салаларда ағылшын тілінің қызмет етуінің әлеуметтік-лингвистикалық мониторингін жүргізуді іске асыру.

**Зерттеудің гипотезасы:** ағылшын тілінің функционалды әлеуметтік-лингвистикалық мониторингі

а) үштілділік тілдік саясаты тиімділігінің жүйелі кешенді талдауы ретінде анықталады

б) Қазақстанның қазіргі заманғы лингвокоммуникативтік кеңістігінде ағылшын тілінің таратылуы мен бейімделуінің беталыстарын сипаттайтын әлеуметтік-лингвистикалық индикаторлар ретінде дескрипторлық жүйе арқылы жүзеге асырылады

Қойылған міндеттерді шешу және гипотезаны тексеру үшін келесі ғылыми **зерттеу әдістері** қолданылды:

- теориялық: зерттеу мәселесі бойынша отандық және шетелдік **лингвистикалық, әлеуметтік лингвистикалық, психологиялық, педагогикалық**

әдебиеттерді талдау, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тілдік үдерістерді мемлекеттік реттеу саласындағы заңнамалық және нормативтік құжаттарды талдау;

- эмпирикалық: антропометриялық зерттеу әдісі – сауалнама жүргізу; лингвистикалық бақылау, конверсиялық (өзгеретін) талдау; зерттеудің түсіндірме әдістері (теориялық зерттеулерді, практикалық тәжірибені, эмпирикалық материалдарды талдау, салыстыру, жүйелеу және жалпылау).

Сауал-сұрақ жүргізу респондентпен сауалнама көмегімен қарым-қатынас жасағанда жүзеге асатын әлеуметтік-лингвистикалық пікіртерім түрлерінің бірі ретінде [2, 200] түрлі микроәлеуметтік топтарда ағылшын тілінің функционалдық рейтингісін анықтау сатысында қолданылды. Табиғи қарым-қатынас жағдаятының ауызша және жазбаша сөйлеу қызметінде тілдік материалдарды талдау және бекіту арқылы лингвистикалық байқау және конверсиялық талдауы және одан кейінгі талдауы жүзеге асырылған. Сауал-сұрақ жүргізу және лингвистикалық бақылау кезінде жаппай іріктеу әдісі қолданылды. Зерттеудің интерпретациялау әдістері нәтижелерді, яғни микроәлеуметтік топтарды және лингвистикалық байқауды жүргізу кезінде алынған нақты деректерді талдау барысында қолданылды. Интерпретациялау әдістері математикалық және статистикалық деректерді өңдеу әдістерін, атап айтқанда сауалнама жүргізу барысында алынған деректердегі сандық және сапалық талдау әдістерін қамтиды.

**Зерттеу материалдарына** Қазақстан Республикасында тілдік саясатты жүзеге асыру бойынша мемлекеттік нормативтік құжаттар мен бағдарламалар; үш тілде оқыту, шет тілдерін оқыту бойынша нормативтік және оқу-әдістемелік материалдар; Қазақстанның микроәлеуметтік топтарында ағылшын тілінің функционалдық рейтингісін анықтау бойынша 2017 жылы онлайн режимде де, сауалданушымен тікелей байланыста да өткізілген (1081 респондент көлемінде) әлеуметтік-лингвистикалық мониторинг деректері негіз болды.

**Әдіснамалық және теориялық база.** Бұл зерттеу жетекші отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектерінде, тұжырымдамаларында негізделген: А.Е. Карлинскийдің, М.М. Копыленконың, В.А. Исенғалиеваның, Э.Д.Сулейменованың, С.Т. Саинаның, Ж.С. Смагулованың, Д.Д. Шайбақованың, Н.Ж. Шаймереденованың, Б.Хасанұлының, М.И. Исаевтың, О.Б.Алтынбекованың, З.К. Ахметжанованың, Р.Т. Беллның, У.Вайнрайхтың, У. Лабовтың, Ч.А.Фергюсонның, А.Д. Швейцердің, Л.Б. Никольскийдің, Ю.Д. Дешериевтің, Г.В.Степановтың, В.А. Аврориннің, В.М. Алпатовтың, Л.Л. Аюпованың, А.Н.Баскаковтың, В.И. Беликовтың, Н.Б. Вахтиннің, В.А. Виноградовтың, М.Н.Губоглоның, Н. Дитмардың, Т.В. Жеребилоның, Л.П. Крысиннің, Н.Б.Мечковскаяның, В.Ю. Михальченконың, Х. Лёфлердің, С.М. Рильдің, Б.Сполскийдің, У. Стюарттың, Х. Шиффманның, Х. Штегердің, Дж. Фишманның, В.Н. Ярцеваның және т.б.

Зерттеудің теориялық базасы мыналар болды: әлеуметтік лингвистика саласындағы шетел ғалымдарының еңбектері: (В.В. Виноградов, В.М.Жирмунский, Б.А. Ларин, А. Мартине, А. Мейе, Е.Д. Поливанов, А. Сеше және т.б.); Тілдік қатынас және билингвизм теориясының саласындағы (В.А.Аврорин, Л. Блумфилд, У. Вайнрайх, Е.М. Верещагин, Ю.Д. Дешериев,

А.А.Залевская, В.Ю. Розенцвейг, Е. Хауген, Л.В. Щерба және т.б.); Қазақстандағы тілдік құрылыс, тіл саясаты саласындағы отандық ғалымдардың еңбектері (А.Абасилов, Г.Д. Алдабергенова, С.А. Асанбаева, М.К. Исаев, Д.Ж. Касымова, Э.Д. Сулейменова, Б. Хасанулы, Н.Ж. Шаймереденова және т.б.); қазақ-орыс қостілділігі саласындағы (З.К. Ахметжанова, К.М. Байбулсинова, М.М.Копыленко, М.Т. Тезекбаев, Б.Х. Хасанов, Д.Д. Шайбакова және т.б.); шет тілдерін меңгеруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету, көптілді білім беру, соның ішінде Қазақстан Республикасында үштілді білім беру саласындағы: (Г.Н.Ақбаева, Ж.Т. Ермекова, Л.В. Екшембеева, Б.А. Жетписбаева, Г. Зартер, Ш.М. Мажитаева, Л.С. Сырымбетова, Г.К. Тлеужанова және т.б.).

Негізгі мемлекеттік нормативтік құжаттар мен бағдарламалар әдістемелік база ретінде қызмет атқарды: Тілдер туралы заң (1989, 1997.), Қазақстан Республикасының Конституциясы (1993, 1995), тілдерді дамыту мен қолданудың 2001-2010 жж. және 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы және т.с.с.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы** зерттелетін (ағылшын) тілдің өміршеңдігінің әлеуметтік-лингвистикалық көрсеткіштері ретінде дескрипторлар жүйесі арқылы Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы тілдік жағдаятының динамикасының теориялық негіздемесінде және қолданбалы талдауында; тілдік жоспарлау басымдықтары мен бағдарларына сәйкестілдік жағдаяттың жергілікті әлеуметтік-лингвистикалық мониторингін жүзеге асыруында.

**Зерттеудің теориялық маңыздылығы** оның нәтижесінің қазіргі заманғы геосаяси жағдайлар тұрғысынан тілдік жағдаятты және бірлескен тілдердің комбинаторикасын трансформациялауды айқындайтын тілдік жоспарлаудың негізгі тетігі болып табылатын экстралингвистикалық факторлардың жиынтығы тұрғысынан тілдік жағдаят динамикасының әлеуметтік-лингвистикалық талдауының өзектілігін дәлелдейтіндігінде.

**Зерттеудің практикалық маңыздылығы** зерттеу материалдарын білім беру сияқты кәсіби мақсаттар үшін пайдаланылу мүмкіндігін дәлелдейді:

- білім беру жүйесінде: әлеуметтік лингвистика, үштілді білім беру, ағылшын тілін оқыту тәжірибесінде мақсатты тілдерді: мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін меңгеру теориясы және т.б. тұрғысынан Қазақстан Республикасында тілдік/шетілдік білім беруді құқықтық және нормативтік қамтамасыз ету бойынша арнайы курстарда «Гуманитарлық ғылымдар» және «Білім» бағыттарының магистранттары мен PhD докторларын даярлаудағы оқу үрдісінде;

- кәсіби салада: ағылшын тілін меңгеруге және зерттеу нәтижелері және олардың негізінде жасалған ұсыныстар бойынша талдау арқылы оны кәсіби мақсаттарда пайдалануға қатысты тілдік жоспарлау шараларының тиімді жүйесін ұйымдастыру үшін.

Автор ұсынған дескрипторлар жүйесі қазақстандық қоғамдағы түрлі микроәлеуметтік топтар тұрғысынан ағылшын тілінің функционалдық рейтингісін анықтау үшін пайдаланылуы мүмкін.

**Қорғауға келесі негізгі тұжырымдар ұсынылады:**

1. Тілдердің қызмет етуін комбинаторикасын, олардың коммуникативтік рейтингін көрсететін Қазақстан Республикасындағы тілдік жағдаят типологиялық

белгілер жүйесі арқылы, оның ішінде мынадай *инвариантты* параметрлері бойынша жіктеледі:

а) тілдік жағдаятты құрайтын тілдер;

б) әр тілдегі спикерлер саны (тілдердің демографиялық ықпалы);

в) тілдік жағдаятты құрайтын тілдердің коммуникативтік күші;

г) тілдік жағдаятты құрайтын тілдердің құқықтық мәртебесі, және вариативті параметрлері:

а) Қазақстан Республикасында қызмет ететін тілдердің этнотілдік ауқымы;

б) Қазақстан Республикасының тілдерді жоспарлау басымдықтары мен бағыттарына сәйкес тілдердің функционалды рейтингі;

в) білім беру саласындағы тілдік бейімделу дәрежесі оның қоғамдағы өмірлік көрсеткіші ретінде;

г) бар тілдердің беделін әлеуметтік бағалау.

2. Тілдік жағдаят компрессиясы және оның хронологиялық уақыттық және геосаяси проекцияда динамикалық өзгеруі экстралингвистикалық ауыспалы әсерден туындайды, оның ішінде негізгі фактор тілдердің қызмет етуін реттейтін стратегия және тактика ретінде анықталған тілдік жоспарлау болып табылады.

3. Халықаралық коммуникация тілі ретінде ағылшын тілінің функционалды және коммуникативтік рейтингісін кеңейтуді анықтайтын жаһандану мен интеграцияның заманауи процестері білім беру және кәсіби салаларда оны қолданудың релеванттылығына негіз болды.

4. Қазақстанның лингвокоммуникативті кеңістігінде ағылшын тілінің функционалды рейтингі келесі параметрлерді қамтитын әлеуметтік-лингвистикалық дескрипторлық жүйе арқылы бағаланады:

1) қоғам өмірінің түрлі салаларында ағылшын тілінің таралу және сұраныс дәрежесі (ағылшын тілін меңгерген респонденттер саны);

2) ағылшын тілін меңгеру тиімділігі (тілдік құзырет деңгейі – А1 деңгейінен С2 деңгейіне дейін);

3) ағылшын тілін үйрену кезінде ынталандыру және қарқындылық деңгейі;

4) коммуникативтік жағдаяттарда ағылшын тілінің функционалды релеванттық дәрежесі;

5) заманауи жаһандануының геосаяси кеңістігінде Қазақстанның интеграциялану процестеріне әлеуметтік қоғамдық бағалау.

**Апробация және зерттеу нәтижелерін енгізу.** Диссертацияның негізгі тұжырымдамалары 14 жарияланымда көрініс тапты, оның ішінде 6 – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, 1 – Scopus базасына кіретін нөлдік импакт-факторы бар журналда, 4 – халықаралық ғылыми конференция жинақтарында, 2 - халықаралық журналдарда.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелерін апробациялау кафедраның және факультеттің ғылыми-әдістемелік семинарларында диссертацияның негізгі тұжырымдамаларын талқылау арқылы жүргізілді; сондай-ақ Бүкілресейлік лингвистикалық-әдістемелік мектепте халықаралық қатысумен (Новосибирск, Ресей, 2018 жылғы 28-30 наурыз) «Қазақстандағы жаңартылған мазмұндағы жағдайда шеттілдік білім (мектепке дейінгі және мектептегі білім беру

мысалында)» және «Үштілді білім беру контекстінде тілді менгеруді жоспарлау» тақырыптары бойынша екі шеберлік сабағы өткізілді.

**Диссертацияның құрылымы және көлемі.** Диссертация 234 бетпен баяндалған, кіріспеден, 3 тараудан тұратын негізгі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланған дереккөздер тізімінен, қосымшадан тұрады. Жұмыста 17 кесте мен 40 сурет бар. Әдебиеттер тізіміне 277 атау кіреді.

## ЖҰМЫСТЫҢ НЕГІЗГІ МАЗМҰНЫ

Кіріспеде тақырыпты таңдау, оның өзектілігі, ғылыми жаңалығы негізделеді, мақсаттары мен міндеттері, зерттеу объектісі мен пәні анықталады, қорғауға енгізілген тұжырымдар, жұмыстың теориялық және практикалық маңыздылығы жасалады, зерттеудің көздері мен әдістері сипатталады.

«Қазақстан Республикасындағы тілдік жағдаяттың әлеуметтік трансформациясы: инвариантты және вариативті параметрлері» атты диссертацияның **бірінші тарауында** тілдік жағдаяттың әлеуметтік-лингвистикалық аспектілері, әдіснамалық қағидалар мен зерттеу тәсілдері баяндалады. Негізгі тұрғы ретінде функционалдық тәсіл негізделген.

«Тілдік жағдаяттың инвариантты параметрлері: әлеуметтілік-лингвистикалық және типологиялық аспектілері» деген **1.1 бөлімшесінде** инвариантты және вариативті индикаторлар тұрғысынан «тілдік жағдаят» ұғымының әлеуметтік-лингвистикалық және типологиялық параметрлері талданады.

**1.2 бөлімшесінде** «Қазақстан Республикасындағы тілдік ахуал: диахроникалық және синхрондық аспектілердегі функционалдық өзгергіштігі» деген Қазақстан Республикасындағы тілдік жағдаяттың функционалдық өзгермелілігін зерделеу және талдау қажеттілігін негіздейді. Қазіргі Қазақстандағы тілдік жағдаят диахроникалық тұрғыда қарастырылады; елдегі қазіргі тілдік ахуалды түсіну үшін қажетті әлеуметтік-саяси тарихи және тілдік фактілерді белгілеу мақсатында өзгермелі саяси және экономикалық, яғни экстралингвистикалық, сонымен қатар 19-шы ғасырдың басынан бастап (1917) 1991 жылға дейінгі әлеуметтік-этнолингвистикалық факторлар баяндалады.

Аталмыш бөлімше ағымдағы деректерді социоллингвистикалық талдауға; елдегі әртүрлі коммуникативтік жағдаяттардағы түрлі тілдердің өзара әрекеттесуіне және бірлесе өмір сүруіне арналған. Осы бөлімде Қазақстан социоллингвистері Э.Д. Сүлейменова, Н.Ж. Шәймерденова, Ж.С. Смағұлова, Д.Х.Ақанова ұсынған Қазақстан Республикасындағы тілдік ахуалдың қолданыстағы сипаттамаларын нақтылауға әрекет жасалды.

«Заманауи геосаяси кеңістікте Қазақстан Республикасындағы тілдік ахуалдың динамикасы» деген **1.3 бөлімшесінде** жаңа мемлекеттік, азаматтық және этникалық сәйкестікті қалыптастыруға бағытталған тіл саясаты саласындағы динамикалық дамып келе жатқан үрдістер; мемлекеттік тілдің рөлін күшейту; орыс тіліндегі функционалдық белсенділікті сақтау; миноритарлық тілдерді дамыту; шет тілдерін, атап айтқанда, ағылшын тілін басым оқыту талданады. Тілдік жағдаяттың динамикасы Қазақстан Республикасының сыртқы және ішкі саясатымен анықталатын тілдік жоспарлау ұстанымымен сипатталады. Қазақстан

Республикасының сыртқы саясаты әлемдік қауымдастықта интеграциялануға бағытталған, ішкі саясат - азаматтарды біріктіруге және қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға бағытталған.

«Қазақстандағы тілдерді жоспарлаудың стратегиясы мен тактикасы» атты диссертациялық жұмыстың **екінші тарауында** тілдік жоспарлаудың әртүрлі аспектілері - корпусстық жоспарлау және үштілді білім беру контекстінде тілдерді меңгеруді жоспарлау қарастырылған.

«Тіл саясаты әлеуметтік-қоғамдық процестерді саралау факторы ретінде» атты **2.1 бөлімінде** зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетел әдебиеттеріндегі «Тіл саясаты», «тілдік идеология» және «тілдік жоспарлау» ұғымдарының терминологиялық корреляциясы егжей-тегжейлі қарастырылып, талданды; әртүрлі деңгейдегі тілдің кез-келген қатысына негізделген идеологиялық принциптердің маңыздылығы зерттеледі.

«Қазақстан Республикасындағы тілдерді жоспарлау: беталыстар және басымдықтар» атты **2.2 бөлімшесінде** Қазақстан Республикасында тілдердің қызмет ету үрдістері мен нормаларын көрсететін заңнамалық және нормативтік база талданады; заңнамалық және нормативтік құжаттардың тізбегі тілдерді дамыту мен өзгертудің қарқынды үдерісі ретінде айқындалады. Сонымен бірге, ең алдымен, тәуелсіздік алған күнінен бастап елдің әлеуметтік, тарихи және саяси өзгерістер орталығында тұрған қазақ тілінің рөлі зерттеледі.

«Мемлекеттік тілдің қызмет ету процестерін реттеу құралы ретінде корпусстық жоспарлау» деген **2.2.1 бөлімшесінде** зерттеу нысаны ретінде мемлекеттік - қазақ тіліне қатысты корпусстық жоспарлау; мемлекеттік тілге қатысты тілдік жоспарлаудың маңызды тілішілік мақсаттылығы қарастырылады. Сонымен бірге, талдау орталығында өз құралымен корпусстық жоспарлау: тілдерді жаңғырту, стандарттау және кодификациялау орналасқан.

«Үш тілді оқыту контекстінде тілді меңгеруді жоспарлау» деген **2.2.2 бөлімшесінде** үш тілде білім беру контекстінде тілді меңгеруді жоспарлау (үш мақсатты тіл - қазақ, орыс, ағылшын) қарастырылады; білім беру саласындағы үш тілге арналған әдістемелік тәсілдер мен негізгі оқыту стратегиялары қарастырылып, негізделген, соның ішінде: CEFR типі бойынша тілдерді оқытудың деңгейлік моделіне сәйкес мақсатты тілдерді деңгейлік оқыту, коммуникативтік және мәдениетаралық қарым-қатынас тәсілдері; тіл мен мәдениетті зерттеу қағидаттары, білім беру мазмұнында қазақ (мемлекеттік) және орыс тілдерінің, «қос дипломды білім берудің» теңгерімі. Тілдерді оқытудың негізгі құралы ретінде тіл оқыту пәні ретінде және оқыту құралы ретінде әрекет ететін пәндік және тілдік кіріктірілген оқыту (CLIL технологиясы) әдістемесі негізделген.

«Ағылшын тілінің функционалдық рейтингісінің әлеуметтік-лингвистикалық мониторингі» деген диссертацияның **үшінші тарауында** Қазақстан қоғамының үш микрәлеуметтік топтарында ағылшын тілінің қызмет етуінің әлеуметтік-лингвистикалық мониторинг нәтижелері келтірілген; түрлі әлеуметтік топтарда ағылшын тілін меңгеру және қолдану бойынша ағымдағы жай-күйін жақсартуға бағытталған нұсқаулар ұсынылған.

«Қазақстанның этнолингвистикалық кеңістігінде ағылшын тілінің қызмет етуінің әлеуметтік-лингвистикалық көрсеткіштері» **3.1 бөлімшесінде** ағылшын тілінің тиімділігі өлшенуі мүмкін көрсеткіштердің көмегімен талданады. Осы мақсатта автор бұл бөлімшеде дескрипторлар жүйесін әзірлеп, Қазақстанның заманауи тілдік-коммуникативтік кеңістігінде ағылшын тілінің таралуы мен бейімделу үрдістерін сипаттайтын әлеуметтік-лингвистикалық параметрлер ретінде ұсынды. Дескрипторлар жүйесі 5 параметрды қамтиды:

- 1 дескриптор – ағылшын тілін меңгерген респонденттердің саны;
- 2 дескриптор – тілдік құзыреттілік деңгейі (ағылшын тілін білу);
- 3 дескриптор – ағылшын тілін үйренудегі ынталандыру деңгейі және қарқындылық дәрежесі;
- 4 дескриптор – ағылшын тілінің функционалдылық релеванттық дәрежесі;
- 5 дескриптор – Қазақстанның заманауи жаһандануының геосаяси кеңістігінде интеграциялану процестеріне әлеуметтік-қоғамдық бағалау.

Бөлімшеде әлеуметтік-лингвистикалық мониторинг жүзеге асырылған үш микроәлеуметтік топты (кәсіби жұмыспен қамтылғандар, студенттер мен оқушылар) таңдау дәлелденген.

«Ағылшын тілінің функционалдық рейтингі: микроәлеуметтік топтардың мониторингі» **3.1.1 бөлімшесінде** үш микроәлеуметтік топтан тілдік беталысына; кәсіби, білім беру және жеке мақсаттар үшін ағылшын тілін қолдануға; ағылшын тілін оқытуда жеке тұлғалық уәжіне; ағылшын тілін таратуға қатысты тілдік жоспарлаудың тиімділігін анықтауға арналған сауалнама жүргізу барысында алынған мәліметтердің эмпирикалық талдауы туралы сөз болады. Деректерді талдау диаграммалар мен кестелердің ауқымды корпусы ұсынылған. Барлығы 40 диаграмма және 5 кесте.

«Студенттік микроәлеуметтік қауымдастықта ағылшын тілінің функционалдық релеванттық дәрежесі» **3.1.2 бөлімшесінде** студенттің микроәлеуметтік қауымдастығы өкілдерінің сөйлеу беталыстары, соның ішінде, орыс тілі ана тілі ретінде болатын орыс және ағылшын тілдері сияқты түрлі құрылымдық тілдер мысалында кодты ауыстыру мәселесі талданады.

Орыс және ағылшын тіліндегі кодты ауыстыру және олардың құрылымдық ерекшеліктері шет тіліндегі ауыспалы сегменттің көлемі бойынша Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ шет тілдері факультетінің студенттері мен оқытушыларының сөйлеген сөзінде зерттелген.

«Қазақстандағы лингвокоммуникативтік кеңістіктегі ағылшын тілінің динамикасы» деген **3.2 бөлімшесінде** ағылшын тілінде тілдік жоспарлау шарасын жүзеге асыру процесінің ағымдағы жағдайын; әлеуметтік-лингвистикалық мониторингтің нәтижелерін ескере отырып Қазақстандағы тілдік-коммуникативтік кеңістікте ағылшын тілін дамыту мен қызмет ету үрдістері анықталады.

Бұдан басқа, осы бөлімшеде үш тілде білім беруді дамытудың басым болған перспективаларымен, мәдениетаралық қарым-қатынас тілі ретінде ағылшын тілінің орналасуымен және Қазақстанның тілдік-коммуникативтік кеңістігінде ағылшын тілінің қызмет ету динамикасына себепші болған ұсыныстар құрылған.



## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, зерттеудің қорытындысы шығарылды, қойылған міндеттерді шешудің негізгі тұжырымдары мен нәтижелері, сондай-ақ алынған нәтижелерді іс-тәжірибеде қолдану бойынша ұсыныстар келтірілген.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде келесі **қорытындылар** жасалды:

1. Инвариативті және вариативті белгілер тұрғысынан «тілдік жағдаят» түсінігінің әлеуметтік-лингвистикалық және типологиялық параметрлерін талдау қазіргі геосаяси жағдайларда Қазақстан Республикасында тілдік жағдаят экзогlossиялық, теңгерілмеген, диглоссикалық және демографиялық теңсіздік ретінде анықталады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді [2, с. 142].

Қазақстан Республикасында қазіргі заманғы тілдік жағдаят қолданыстағы тілдердің комбинаториясын, олардың коммуникативтік рейтингісін көрсетеді, және инвариантты сияқты вариативті параметрлермен де анықталады.

Қазақстан Республикасындағы тілдік жағдаяттың инвариантты параметрлер санына біз мына сияқты әмбебап типологиялық белгілерді жатқызамыз: а) тілдік жағдаятты құрайтын тілдердің санын; б) әр тілдегі сөйлеушілердің санын (тілдердің демографиялық ықпалы); в) тілдік жағдаятты құрайтын тілдердің коммуникативтік күшігі) тілдік жағдаятты құрайтын тілдердің құқықтық мәртебесі. Қазақстан Республикасындағы тілдік жағдаяттың вариативті параметрлері ретінде біз мыналарды қарастырамыз: а) Қазақстан Республикасында қызмет ететін тілдердің этнотілдік ауқымы; б) Қазақстан Республикасының тілдерді жоспарлау басымдықтары мен бағыттарына сәйкес тілдердің функционалды рейтингі; в) білім беру саласындағы тілдік бейімделу дәрежесі оның қоғамдағы өмірлік көрсеткіші ретінде; г) бар тілдердің беделін әлеуметтік бағалау.

2. Қазақстан Республикасындағы тілдік ахуалдың әлеуметтік-лингвистикалық талдауы оның динамикалық дамуы мен алдыңғы тарихи-хронологиялық ұзақтығы үдерістерімен байланысын растайды. Бұл ретте қоғамдағы саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістер тілдік ахуалдың функционалды вариативтілігін анықтауға әсер ететін маңызды фактор болып табылады, бұл Қазақстандағы тілдік жағдаятты өзгерткен тілдік процестердің бірқатар экстралингвистикалық факторлар әсерінен туындайды деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді, оның негізі мемлекеттің тіл саясаты және тілдік жоспарлау болып табылады.

3. Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасындағы тілдік оған мынадай факторлардың әсер етуімен негізделеді: 1) геосаяси және идеологиялық үдерістер; 2) жаңа мемлекеттік, азаматтық және этникалық сәйкестікті қалыптастыру процестері, оларды анықтау кезінде негізгі рөлді тіл атқарған және атқарады; 3) демографиялық үдерістер, олардың нәтижесінде этникалық параметр және ортақ коммуникативті кеңістікте тілдерді тарату бойынша елде жаңа пропорциялар орнатылады; 4) мемлекеттік тілдің рөлін күшейту; 5) шет тілдерін, атап айтқанда, ағылшын тілін басымдықпен үйрену. Осылайша, біз мынадай қорытындыға келеміз:

- Қазақстан Республикасында қазіргі кезеңдегі тілдік ахуалдың динамикасы мынадай үрдістерге ие: 1) мемлекеттік тілдің рөлі мен қызметтерін күшейту; 2) орыс тілінің функционалды өзектілігін қазақстандықтардың бәсекелестік артықшылығы ретінде сақтау; 3) интеграция және жаһандану үдерістерінің тілі ретінде ағылшын тілін енгізу. Ағылшын тілінің рөлін күшейту қазақ әліпбиінің графикасын латын әліпбиіне аударуымен бірге жүреді.

- тілдік жағдаятты анықтайтын негізгі фактор - тіл саясаты. Тіл саясаты тілдерді дамытудың стратегиясы ретінде ішкі және сыртқы факторлармен анықталады, олардың ішінде геосаяси интеграция факторы басым болып табылады.

4. Қазақстан Республикасындағы тілдік саясатты тілдердің қызмет етуін реттейтін келесі заңнамалық және нормативтік-құқықтық базада қолдайды: Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясында, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясында; Қазақстан Республикасының мемлекеттік сәйкестілігін қалыптастыру Тұжырымдамасында (1996 ж.); Қазақстан Республикасының Президентінің №3186 өкімімен «тіл саясаты Тұжырымдамасында (1996 ж.); 1989 жылғы «Қазақ КСР-нің тілдері туралы» Заңында, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы Заңында; Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту туралы» 1998 жылғы №769 Қаулысында (1998 г.); Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен «Тіл туралы заңнаманың сақталуын бақылау тәртібі туралы Ережесінде» (1999 ж.); тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында; 2007-2010 жылдарға арналған мемлекеттік тілдің қызмет ету саласын кеңейту, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру Тұжырымдамасында; Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2009-2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында; Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында және т.б.

5. Тілдік жоспарлау әсерінен тілдік жағдаят құбылмалылығымен, қарқындылығымен және көпқұрамдылығымен сипатталады. Қазақстандағы заманауи тілдік жағдаяттың ерекшелігін анықтайтын әлеуметтік-лингвистикалық көрсеткіш ретінде ағылшын тілінің функционалды бейімделу үдерісі алға шығады, оның маңыздылығы, бірінші кезекте, ағылшын тілінің функционалды рейтингісін кеңейту үшін плацдарм болып табылатын білім беру саласында қол жеткізіледі. Ағылшын тілін білім беру саласына енгізу үдерісінің осы процесті келешегі бар деп болжауға мүмкіндік беретін бірқатар параметрлері бар: 1) оқу-әдістемелік базасының; 2) білім беру стандарттарының; 3) білікті қызметкерлердің; 4) жеке тұлғалықуәжінің болуы Қазақстанның лингвомәдениет кеңістігінде ағылшын тілінің бейімделуі туралы айғақтайды.

6. Зерттеу нәтижесінде Қазақстандағы кең ауқымды коммуникативтік спектрде ағылшын тілінің таратылуы мен қолданылуының үрдістерін сипаттайтын әлеуметтік-лингвистикалық параметрлер ретінде дескрипторлар жүйесі әзірленді. Әлеуметтік-лингвистикалық дескриптор - бұл функционалды

рейтингі мен тіл иелерінің қолдану аспектісінде талданған тілдің функционалдык әлеуетін бағалайтын типологиялық маңызды параметр.

Дескрипторлар жүйесі қол жетімділік, жеткіліктілік және қажеттілік қағидаттарын ескере отырып әзірленген және 5 параметрді қамтиды:

1 дескриптор – ағылшын тілін меңгерген респонденттердің саны;

2 дескриптор – тілдік құзыреттілік деңгейі (ағылшын тілін меңгеру);

3 дескриптор – ағылшын тілін үйренудегі ынталандыру деңгейі және қарқындылық дәрежесі;

4 дескриптор – ағылшын тілінің функционалдылық релеванттық дәрежесі;

5 дескриптор – Қазақстанның заманауи жаһандануының геосаяси кеңістігінде интеграциялану процестеріне әлеуметтік-қоғамдық бағалау.

Дескрипторлар жүйесі микроәлеуметтік топтардағы тіл комбинаторлары ретінде тілдік жағдаяттың динамикасын бағалауға арналған қолданбалы құрал ретінде қолданыла алады.

7. Үш микроәлеуметтік топтар тұрғысынан білім беру және кәсіби салаларда ағылшын тілінің қызмет етуінің әлеуметтік-лингвистикалық мониторингін жүргізу осы топтардағы тіл иелерінің демографиялық, әлеуметтік және лингвомәдени көрсеткіштерінің ортақтығымен, сондай-ақ коммуникациялық процестегі корпоративтік, кәсіби бағдарлардың ортақтығымен негізделеді.

Жоғарыда сипатталған дескрипторларға сәйкес микроәлеуметтік топтарда ағылшын тілінің қызмет етуін әлеуметтік-лингвистикалық талдау мынадай қорытындыларға әкелді:

- сауалнамаға қатысқан респонденттердің жалпы санының 46,9%-на сәйкес келетін 1081 респонденттің 507-і ағылшын тілін меңгерген респонденттердің саны;

- микроәлеуметтік топтардың тұрғысында ағылшын тілінің функционалды рейтингі респонденттердің жеке тұлғалық уәжімен және жас ерекшеліктерімен негізделген.

Жас ұрпақ (студент жастар, жоғары сынып оқушылары) тілдік-коммуникативтік ортада ағылшын тіліне бейімделгендігінің жоғары дәрежесін көрсетеді (студент жастар - 50,07%, жоғарғы сынып оқушылары - 62,15%). Кәсіби ортада ағылшын тіліне бейімделгендіктің орташа деңгейі жекелеген жас және орта жастағы респонденттердің жеке тұлғалық уәжімен сипатталады (22,35%);

- тілдік саясатты жүзеге асырудың тиімділігіне объективті түрде бағытталған білім беру саласы білім беру бағдарламалары, оқу-әдістемелік арсенал, білікті профессорлық-оқытушылар құрамы кіретін ағылшын тілін енгізудің неғұрлым дамыған және жабдықталған базасымен сипатталады:

- Қазақстанның қазіргі заманғы лингвокоммуникативті кеңістігінде ағылшын тілін таратудағы ерекше рөлді тіл иелерінің жеке тұлғалық уәжі атқарады.

- үш зерттеу топтары үшін мониторинг деректерін талдау ағылшын тілін кәсіптік қызметте меңгеру және қолдану стратегиясын айқындайтын ағылшын тілін үйренуге арналған жеке тұлғалық мотивацияның жоғары дәрежесінің болуын айғақтайды (жоғары сынып оқушылары - 90,0%, студент жастар - 87,75% , кәсіби қауымдастық - 88,5%);

- үш микроқоғамда әлеуметтік-лингвистикалық мониторингтің нәтижелері ағылшын тілінің мәртебесі мен оны республика азаматтарының үйренуіне қатысты республикада жүргізілген тіл саясатын өте тиімді деп дәлелдейді, респонденттердің басым көпшілігі қолдау көрсетеді;

- зерттеу нәтижелері мектеп оқушылары мен студент жастардың ағылшын тілін сапалы меңгеру деңгейінің оқу/кәсіби мақсаттары сияқты, жалпы өмір үшін; кәсіби қауымдастық, ең алдымен кәсіби мақсаттарында әрі қарай өсуін болжауға мүмкіндік береді.

Біздің ойымызша, біз өткізген әлеуметтік-лингвистикалық мониторингтің практикалық құндылығы бар. Зерттеу нәтижелері білім берумен қатар кәсіби мақсаттар үшін де қолданылуы мүмкін: ағылшын тіліне қатысты республикадағы білім беруге арналған тіл саясатын қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу кезінде; ағылшын тілін меңгеру және оны кәсіби мақсаттарда пайдалану тұрғысынан тілдік жоспарлау шараларының тиімді жүйесін ұйымдастыру кезінде; ұлтаралық толеранттылықты тәрбиелеу бойынша, аталмыш мәселе бойынша қоғамдық пікірді қалыптастыру. Біз әзірлеген дескрипторлар жүйесі қазақстандық қоғамдағы түрлі микроәлеуметтік топтар тұрғысынан ағылшын тілінің функционалдық рейтингісін анықтау үшін қолданылуы мүмкін.

### Қолданылған әдебиеттердің тізімі

1 Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н. Ж., Смагулова Ж. С., Аканова Д. Х. Словарь социолингвистических терминов. – Изд. 2-е, дополненное и переработанное. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 330 с.

2 Сулейменова Э. Д., Шаймерденова Н. Ж., Смагулова Ж. С., Аканова Д. Х. Словарь социолингвистических терминов. Әлеуметтік лингвистикалық сөздік. – Астана: Арман-ПВ, 2008. – 392 с.

3 Heinrich Löffler. Germanistische Soziolinguistik // Grundlagen der Germanistik. – ESV Erich Schmidt Verlag, 2010. – 222 p.

### Диссертация тақырыбы бойынша жарияланған еңбектер тізімі

1. Методологические подходы и основные стратегии обучения трем языкам в Республике Казахстан. Вестник НГПУ.- Новосибирск: НГПУ, 2017. - № 4, том 7. - С. 72-92/ DOI: 10.15293/2226-3365.1704.05 (соавт. Сырымбетова Л.С., Жумашев Р.М., Ныгметулы Д., Жетписбаева Б.А.)

2. Языковая подготовка инженерных кадров: зарубежный опыт. Вестник ПГУ. Серия Педагогическая. – Павлодар: ПГУ им. С. Торайгырова, 2016. - №3. – С.80-87. (соавт. Жетписбаева Б.А., Затынейко А.М.)

3. О предмете социолингвистики. Вестник ЕНУ. Серия гуманитарных наук. – Астана: ЕНУ им. Л. Гумилева, 2016. - №5 (114). – С.12-15. (соавт. Аманбаева Г.Ю.)

4. Современная языковая ситуация в Республике Казахстан (социолингвистический аспект). Вестник ПГУ. Филологическая серия. - Павлодар: ПГУ им. С. Торайгырова, 2017. - №2. – С.114-121. (соавт. Жетписбаева Б.А.)

5. К вопросу взаимообусловленности понятий «языковая политика», «языковое планирование», «языковая идеология». Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Филологические науки». – Алматы: КазНПУ им. Абая, 2018. - № 1(63). – С.10-18. (соавт. Аманбаева Г.Ю., Зартер Г.)

6. К вопросу о характеристике языковой ситуации в Республике Казахстан. Наука и жизнь Казахстана. Международный научно-популярный журнал. – Астана, 2018. - № 2/3(57)/ Филология. – С.6-10. (соавт. Аманбаева Г.Ю.)

7. On the question of interference of «language policy», «language planning» and «language ideology» concepts. Вестник Карагандинского университета. Серия Филология. – Караганда: КарГУ им. Е.А. Букетова, 2018. - №2(90). – С.26-33. (соавт. Гайдемари З., Аманбаева Г.Ю.)

8. Theoretical Model of Continuous Language Training of Engineering Personnel in the System “College – Higher Education Institution”, Science and Education: Materials of the X International Research and Practice Conference. Vol. II. - Vela Verlag Waldkraiburg - Munich, Germany 2015. – 186-191. (соавт. Жетписбаева Б.А.)

9. Современная языковая ситуация в условиях казахстанского полиязычия, Язык и литература в социокультурном пространстве 2. Language and Literature in the Socio-cultural Medium Vol. 2: Международный сборник научных трудов. - Savaria University Press – Szombathely, Венгрия, 2016. – С.12-17. (соавт. Жетписбаева Б.А.)

10. Functioning of English language in a condition of its formalized learning in micro-social student community, Education and Science without borders. – 2017. – №15 (1/2017) - С.83-86. (соавт. Китибаева А.К., Оспанова А.К.)

11. К вопросу корпусного планирования государственного языка в контексте проводимой языковой политики в Республике Казахстан, Особенности развития современной науки: актуальные вопросы, открытия и перспективы: Материалы II Международной научно-практической конференции. - Издательский центр «Quantum». - Пермь, 2018. - С.13-35.

12. К вопросу о содержании понятия «языковая ситуация», Наука в современном мире: Сборник публикаций по материалам XXVIII международной научно-практической конференции. - Мультидисциплинарный научный журнал «Архивариус». – Киев, 2018. – С.71-75.

13. Функционирование английского языка в условиях его формализованного усвоения в студенческой микросоциальной общности, Language Education in Terms of sociocultural Transformation of Modern Society: Материалы Международного научного форума. – Изд-во КарГУ, 2016. – С.175-179. (соавт. Жанкина Б.Ж.)

14. Zur Sprachsituation in der Republik Kasachstan. Вестник Карагандинского университета. Серия Филология. – Караганда: КарГУ им. Е.А. Букетова, 2016. - №1(81). – С.34-37.